

## Ауыл округтеріне қарасты ауылдардың шекарасын (шегі) өзгерту туралы

Оңтүстік Қазақстан облысы Отырар аудандық мәслихатының 2009 жылғы 20 ақпандағы N 17/107-IV шешімі және Оңтүстік Қазақстан облысы Отырар ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 27 ақпандағы N 36 қауалысы. Оңтүстік Қазақстан облысы Отырар ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 7 сәуірде N 14-9-76 тіркелді

Қазақстан Республикасының "Жер кодексінің" 108 бабының 5 тармағына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылышы туралы" Заңының 12 бабына сәйкес Отырар аудандық мәслихаты **ШЕШТІ** және Отырар аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Мына төмендегі ауыл округтеріне қарасты ауылдармен шектесіп жатқан жайылымдық және суармалы жерлер қосылып, ауылдардың шекарасы (шегі) өзгертілсін:

1) Қарақоңыр ауыл округіне қарасты Ш. Қалдаяқов ауылынан 57,2 га жайылымдық, Сырдария ауылынан 30,9 га жайылымдық, Бесторанғыл ауылынан 7,8 га жайылымдық, Қарақоңыр темір жол бекеті аумағынан 36,0 га жайылымдық;

2) Қоғам ауыл округіне қарасты Мыңщұқыр ауылынан 27,0 га жайылымдық, Қоғам ауылынан 17,0 га жайылымдық, Талапты ауылынан 17,5 га жайылымдық;

3) Қарғалы ауыл округіне қарасты Отырар ауылынан 40,0 га жайылымдық, Қарғалы ауылынан 30,0 га жайылымдық;

4) Отырар ауыл округіне қарасты Арыс ауылынан 73,7 га жайылымдық, Автобаза ауылынан 31,6 га жайылымдық, М. Шойманов ауылынан 14,2 га жайылымдық;

5) Талапты ауыл округіне қарасты Шытты ауылынан 40,0 га жайылымдық, Көкмардан ауылынан 28,3 га жайылымдық, Үнтальы ауылынан 31,4 га жайылымдық;

6) Шілік ауыл округіне қарасты Жаңа Шілік ауылынан 33,0 га жайылымдық, Есқі Шілік ауылынан 27,6 га жайылымдық;

7) Ақтөбе ауыл округіне қарасты Ақтөбе ауылынан 12,5 га жайылымдық;

8) Аққұм ауыл округіне қарасты Аққұм ауылынан 31,8 га жайылымдық;

9) Көксарай ауыл округіне қарасты Көксарай ауылынан 23,2 га жайылымдық;

10) Маяқұм ауыл округіне қарасты Маяқұм ауылынан 48,8 га жайылымдық;

11) Балтакөл ауыл округіне қарасты Балтакөл ауылынан 22,0 га жайылымдық;

12) Шәуілдір ауыл округіне қарасты Шәуілдір ауылынан 227,0 га жайылымдық, 73,0 га суармалы;

13) Қожатогай ауыл округіне қарасты Қожатогай ауылынан 26,8 га жайылымдық.

2. Осы бірлескен шешім мен қауалы алғашқы ресми жарияланғаннан кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық маслихат  
сессиясының төрагасы  
Отырар ауданының әкімі

Т. Ақжігіт  
Ә. Құртаев

Аудандық мәслихаттың хатшысы

Ә. Махатай

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК